

Жекелеген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқарудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 маусым N 868

Қарашығанақ мұнайгаз конденсатты кен орнын игеруге қатысатын "Ақсайавтотранс" және "Қазбұрғаз" ашық акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқаруды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Батыс Қазақстан облысының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен екі апта мерзімде "Қазбұрғаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін республикалық меншікке беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.23. N 1774

қаулысымен.

P991774_

2. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жоғарыда көрсетілген акциялардың мемлекеттік пакетін республикалық меншікке қабылдасын, Үкіметтің оларға одан әрі иелік ету және пайдалану жөніндегі қаулысының жобасын дайындасын және белгіленген тәртіппен енгізсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.23. N 1774

қаулысымен.

P991774_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК